

"Қазақстан Республикасы әскери полициясының органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 936 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы әскери полициясының органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы әскери полициясының органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының (бұдан әрі - әскери полиция органдары) құқықтық негіздерін, қағидалары мен қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Әскери полиция органдарының мәртебесі

Әскери полиция органдары Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда құқық тәртібін қамтамасыз ету, алдын ала анықтау жүргізу, әскери қызметшілер мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүддесіне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу үшін тағайындалған.

2-бап. Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізі

Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, осы Заңмен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері құрайды.

3-бап. Әскери полиция органдары қызметінің қағидалары

Әскери полиция органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, жариялылық, заң алдында барлығының теңдік, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау, басқа да құқық қорғау және мемлекеттік органдармен,

лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау қағидаларында құрылады.

4-бап. Әскери полиция органдарының жүйесі

1. Әскери полицияның органдары Қорғаныс министрлігінде, Ішкі істер министрлігінде, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде құрылады.

2. Әскери полицияның органдарына жалпы басшылық жасауды Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы жүзеге асырады.

3. Әскери полиция органдарының құрылымы мен штат санын Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайды.

4. Әскери полиция органдарының құрылымдық бөлімшелерін құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіппен Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы жүзеге асырады.

5-бап. Әскери полиция органдарының міндеттері

Әскери полиция органдарының міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда құқық тәртібін қамтамасыз ету ;

2) қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту, анықтау, жолын кесу және ашу ;

3) қылмыстар және басқа да заң бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау ;

4) құзыреті шегінде алдын ала анықтау ісін жүргізу;

5) анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (қызмет орынын) өз бетімен тастап кеткен адамдарды іздестіру;

6) әскери көлік құралдарының жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) заңда көзделген жағдайларда гауптвахтада ұстаумен әскери қызметшілерді ұстау;

8) өз құзыреті шегінде өзге де анықтау, алдын ала тергеу және сот органдарына, сондай-ақ мемлекеттік билік және әскери басқару органдарына оларға жүктелген міндеттерді орындауда жәрдем көрсету.

6-бап. Әскери полиция органдарының мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, лауазымды адамдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасауы және ынтымақтастығы

1. Әскери полиция органдары өз қызметін заңнамада белгіленген шектерінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады және олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша бірін-бірі хабардар етеді.

2. Әскери құралымдардың қолбасшылары, әскери басқару органдары мен әскери

қызметшілер, оларға жүктеген тапсырмаларды шешуде әскери полицияның органдарына жәрдемдесуге міндетті.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери полициясы органдарының өкілеттігі Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, аталған әскери құрылымдардың аумағынан тыс тұрған бөлімдер мен құрамалардың әскери қызметшілеріне таралады, ал көрсетілген әскери бөлімшелердің аумағында әскери полицияның функциясын осы әскери құралымдардың тиісті командирлері мен бастықтары жүзеге асырады.

2-тарау. Әскери полиция органдарының өкілеттігі

7-бап. Әскери полиция органдарының құқықтары

Әскери полиция органдары уәкілеттілік берілген лауазымды адамдар атынан өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

1) әскери қызметшілерден, әскери міндеттілерден, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері адамдарынан, олардың жиындарды өткеру уақытында қызметтік міндеттерін орындауға байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар мен мекемелер тұрған жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтауын, әскери киім нысанын кию тәртібін, құқыққа қарсы іс-қимылдарды және әскери полиция органдарының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға кедергі жасайтын іс-қимылдарды тоқтатуын талап етуге;

2) әскери қызметшілер мен әскери міндеттілердің, олардың жиындарды өткеру уақытында, ал әскери бөлімдер, әскери объектілер мен гарнизондардың аумағында, сондай-ақ басқа да адамдардың, олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасағанына күдік тудырған кезде тексеруге;

3) іс жүргізуде жатқан материалдар мен қылмыстық істер бойынша әскери қызметшілерді және өзге де азаматтарды әскери полиция органына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар немесе олардың көшірмелерін алуға, анықтау жүргізуге және өзге де тергеу іс-қимылдарын жүргізуге, сондай-ақ дәлелсіз себеппен келуден бас тартқан адамдарды заңда белгіленген тәртіппен шақырып алуға;

4) анықтау, алдын ала тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыс жасағанына күдік тудырған, сондай-ақ айыпталған немесе сотталған әскери қызметшілерді заңнамада белгіленген тәртіппен ұстауға;

5) осы баптың 4-тармағында көрсетілген ұсталған адамдарға дербес тексеру жүргізуге, олардың заттарын, құжаттарын, көлік құралдарын тексеруге, заңнамада белгіленген тәртіппен заңсыз айналымдағы заттарды алуға;

6) әскери тәртіпті немесе қоғамдық тәртіпті өрескел бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және әскери полиция органдарының мекемелеріне немесе қызмет орны

б о й ы н ш а

ж е т к і з у г е ;

7) әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге қатысты, олардың жиындарды өткеру уақытында Қазақстан Республикасының Әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы кодексiнiң талаптарына сәйкес әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

8) әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскери міндеттілердің олар жиындарды өткеру уақытында жасаған тәртіптік теріс қылықтары туралы материалдарды әскери бөлімдердің тиісті командирлерінің (бастықтарының) қарауына жіберуге;

9) құзыреті шегінде алдын ала анықтау жүргізуге;

10) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстар, әкімшіліктік құқық бұзушылықтар жасаған күдікті адамдарды іздестіру кезінде, онда қылмыс жасалғандығын немесе жасалып жатқандығын болжайтын жеткілікті мәліметтер бар болған кезде, кейіннен бұл туралы 24 сағат ішінде прокурорды хабардар етумен, сондай-ақ азаматтардың жеке қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және өзге де жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар мен мекемелердің аумағына және үй-жайларына (дипломатиялық иммунитетті иеленген шетел мемлекеттерінің өкілдіктері мен халықаралық ұйымдарынан басқа) кедергісіз кіруге, оларды тексеруге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қозғалған қылмыстық істер бойынша мемлекеттік органдардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардан бөгетсіз және өтеусіз ақпараттар мен материалдар алуға ;

12) өз құзыреті шегінде әскери қолбасшылыққа және басқа да лауазымды адамдарға қылмыс және басқа да заң бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды болдырмау жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

13) кідіріссіз жағдайларда қызмет мақсатында тұрған жеріне және тиістілігіне қарамастан, қалааралық және халықаралық сөйлесулер бойынша шығыстарды өтей отырып байланыс құралдарын пайдалануға;

14) бөлімді қару-жарақпен өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру және ұстау жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде аймақтық құқық қорғау органдарының келісімі бойынша дербес бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

15) алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік мас күйіндегі жүргізушілерді ұстауға және әскери көлікті жүргізуден шеттетуге және оларды медициналық тексеруге жіберуге ;

16) қылмыс жасағанына күдік туғызған адамдарды ұстау жөніндегі шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төнетін жағдайлар кезінде жол полициясы аумақтық органдарының келісімі бойынша көшелердің жекелеген учаскелерінде, автомобиль жолдары мен басқа да аумақтарда

көлік және жүргіншілер қозғалысын шектеуге немесе тыйым салуға;

17) әскери көлік құралдарының лектері өткен уақытта жол полициясына аумақтық органдарымен үйлесімділікте автомобиль жолдары мен көшелерде жол қозғалысын реттеуге, осы лектерге және арнайы мақсаттағы көлік құралдарына ілесіп жүруді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге;

18) әскери бөлімдер мен әскери мекемелерде жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және алдын алу іс-шараларының орындалуын тексеруге;

19) өзге мүмкіндіктер болмаған кезде оқиға болған орынға бару, жедел медициналық көмекті қажет ететін әскери қызметшілер мен азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін әскери көлікті пайдалануға;

20) әскери полиция органдарымен ұсталған немесе тергеуде және сотта жүрген әскери қызметшілерді ұстау үшін, сондай-ақ гарнизон қолбасшылығы тұтқындау түріндегі қылмыстық жазаны орындау үшін, не гауптвахтада ұстаумен тұтқындау түріндегі тәртіптік жазаны қолдану үшін арнайы бөлмесі - гауптвахтасы болуға.

8-бап. Әскери полиция органдарының міндеттері

Әскери полиция органдары олардың алдына қойылған міндеттерге сәйкес және өз құзыреті шегінде мыналарға міндетті:

1) әскери қызметшілер мен басқа да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

2) гарнизондарда құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, ашуға және жолын кесуге, оларды жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды белгілеуге және өз өкілеттігі шегінде оларды жоятын шаралар қолдануға;

3) азаматтардың өтініштерін қарауға, құқық бұзушылықтар мен оқиғалар туралы жедел ақпараттардың есебін жүргізуге және талдауға;

4) басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылда әскери бөлімді өз бетімен тастап кеткен, қылмыс жасаған, анықтау, алдын ала тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстың жазаны орындаудан жалтарып жүрген және заңнамада көзделген өзге де жағдайларда әскери қызметшілерді іздестіруді жүзеге асыруға;

5) заңда белгіленген тәртіппен әскерге шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер; жиындардан өткен уақытта запаста болған азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олар қызметтік міндеттерін орындауға байланысты немесе осы бөлімдерде, құрамалар мен мекемелерде орналасқан жерде жасаған барлық қылмыстары туралы істер бойынша анықтау жүргізуге;

6) өз құзыреті шегінде әскери көлік құралдарының жол қозғалысын және оларды пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

7) заңда белгіленген тәртіппен тергеушінің тапсырмаларын, прокурордың нұсқауларын, сот шешімін орындауға;

8) өз құзыреті шегінде мемлекеттік билік, әскери басқару органдарына және олардың өкілдеріне, оларға қарсы іс-қимыл немесе осындай қатер төнген жағдайда олардың заңды іс-қимылын жүзеге асыруына көмек көрсетуге;

9) әскери полиция органдарының құзыретіне жататын әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

10) авария, апат, зілзала және басқа да төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде құқық тәртібі мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

11) әскери қызметшілер арасында алдын алу жұмыстарын жүргізуге қатысуға және әскери қызметшілер арасындағы әскери тәртіпті қамтамасыз етуде әскери қолбасшылыққа жәрдем көрсетуге;

12) қылмыстық процесті жүргізетін органдардың жазбаша талаптары бойынша тергеу іс-қимылын жүргізу үшін тұтқындалғандарды айдауылдауды қамтамасыз етуге.

9-бап. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі

Әскери полиция органдарының қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Заңға сәйкес өздеріне берілген өкілеттілік шегінде жүзеге асырады. Заңнама талаптары бұзылған және құқыққа қарсы іс-әрекет жасалған жағдайларда әскери полиция органдарының қызметкерлері заңда белгіленген тәртіппен тәртіптік, қылмыстық және өзге де жауапкершілікке тартылады.

3-тарау. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш көрсетуді қолдануы

10-бап. Атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш көрсетуді қолдану мақсаты

Атыс қаруы, арнайы құралдар мен күш көрсету қоғамдық-қауіпті іс-әрекетті тоқтату, олардың жасаған іс-әрекет сипаты мен нақты жағдайды ескере отырып, адамдарды ұстау және әскери полицияға жеткізу мақсатында қолданылады.

11-бап. Атыс қаруын қолдану

1. Атыс қаруын қолдану ең соңғы шара болып табылады және басқа шаралар тиімсіз немесе егер жағдайдың талаптары бойынша басқа шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі.

2. Әскери полиция органдарының қызметкерлері мыналар үшін:

1) қылмыстық қастандық әрекеттен әскери қызметшілерді, басқа да азаматтарды, сол сияқты аманаттағы адамдарды қорғауға;

2) әскери полиция органдарының қызметкерлеріне немесе олардың отбасы мүшелеріне, құқық тәртібін қорғау жөніндегі қызметтік және қоғамдық борышты орындайтын адамдарға жасалатын шабуылға тойтарыс беруге;

3) күзетуде тұрған объектілерге, айдауылға, әскери бөлімдердің үй-жайларына,

ғимараттарына, көлік құралдарына, соның ішінде әуе кемелеріне жасалатын шабуылға тойтарыс беруге, сондай-ақ оларды басып алған жағдайда босатуға;

4) қылмыс жасаған және қарсылық көрсеткен, күзеттен қашқан кезінде кездескен адамдарды ұстауға (әкімшіліктік тұтқында ұсталғандардан басқа), сондай-ақ қ а р у л а н ғ а н а д а м д ы ұ с т а у ғ а ;

5) егер жүргізуші әскери полиция органдары қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса және әскери қызметшілер мен азаматтардың өміріне не денсаулығына қатер төндірсе оны зақымдау жолымен көлік құралын тоқтатуға;

б) жануарлардың шабуылынан қорғануға;

7) дабыл қағу немесе көмек шақыру белгілерін беруге;

8) сондай-ақ қорғану қажет болған барлық өзге де және ең қажетті жағдайларда а т ы с қ а р у ы н қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Олардың қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды, көлік құралдарын аманатқа алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайлардан басқа, әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

4. Қару қолданудың барлық жағдайларында әскери полиция органдарының қызметкерлері айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шараларды қабылдауға, қару қолданғаны туралы тікелей бастыққа баяндауға міндетті.

5. Кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға соқтырған әскери полиция органдарының қызметкерлері қаруды және арнайы құралдарды қолдануының әрбір жағдайы туралы әскери прокурор шұғыл хабардар етіледі.

6. Табельдік қаруды қолданудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізіледі. Атыс қаруын заңсыз қолдану фактісі анықталған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен кінәлі жауапкершілікке тартылады.

12-бап. Арнайы құралдар мен күш көрсетуді қолдану

1. Әскери полиция органдарының қызметкерлері мыналар үшін тізбесін Үкімет айқындайтын үй-жайды ашу, көлікті, қызметтік жануарлар мен арнайы және басқа да көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтату үшін күш көрсетуді және арнайы құралдарды, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін, кісендерді, резеңке таяқтарды, құрылғыларды қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы :

1) әскери қызметшілерді, басқа да адамдарды олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан және өзге де іс-қимылдардан қорғау және өзін-өзі қорғау;

2) әскери бөлімдердегі жаппай тәртіпсіздікті, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоғамдық тәртіп пен әскери тәртіпті топтасып бұзушылығының жолын кесу;

3) әскери қалашықтарға, әскери объектілерге, құрылыстарға, үй-жайларға, ғимараттар мен әскери көлік құралдарына жасалған шабуылға тойтарыс беру немесе о л а р д ы б а с ы п а л у д а н б о с а т у ;

4) егер олар әскери полиция қызметкерлеріне, әскери тәртіпті сақтау және қоғамдық

тәртіпті қорғау жөніндегі жүктелген міндеттерді орындайтын өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, егер олардың қашуы, қоршаған ортаға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкіндігіне нақты негіздер бар болса құқық бұзушыларды ұстау, оларды және абақтыға отырған қамаудағы адамдарды әскери бөлімдерге және гауптвахтаға жеткізу, айдауылдау және күзету.

2. Айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін топтасқан шабуыл жасаған немесе қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа, әйелдерге, айқын мүгедектік белгісі бар адамдарға және жас балаларға қатысты арнайы құралдар мен күш көрсетуді қолдануға тыйым салынады.

4-тарау. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің кадрлық құрамы, әлеуметтік және құқықтық қорғау

13-бап. Әскери полиция органдарының кадрлық құрамы

1. Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес әскери қызметшілермен, сондай-ақ жұмысшылармен және қызметкерлермен жасакталады.

2. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне әскери қызметті өткеруді регламенттейтін, құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді, медициналық, зейнеткерлік және қамтамасыз етудің басқа да түрлерін белгілейтін, сондай-ақ осы заңнаманың шарттарына қайшы келмейтін, құрылымына әскери полиция кіретін тиісті органдарда қызмет өткеруді реттейтін заңнама толық көлемде таралады.

3. Әскери полиция органдарының қызметкерлері өкіметтің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Өкілеттіктерін растау үшін оларға белгіленген үлгідегі куәліктер мен кеуде белгілері беріледі.

4. Әскери полиция органдарында қызмет өткеру үшін әскерге шақырылатын адамдар, сондай-ақ әскери қызметшілер мен өзге де адамдар лауазымға тағайындағандар алдында міндетті арнайы тексеруден өтеді, кәсіптік сапасын айқындау үшін олар бастапқы оқытудан және тағлымдамадан өтуі мүмкін.

5. Әскери полиция органдарының жұмысшылары мен қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мәселелері және еңбек шарты еңбек заңнамасымен реттеледі.

14-бап. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілерін әлеуметтік және құқықтық қорғау

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне әскери қызметшілер үшін белгіленген әлеуметтік және құқықтық қорғау шарттары толық көлемде таралады.

2. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің оларға жүктелген міндеттерді орындауына кедергі келтірушілер, олардың ары мен абыройына нұқсан келтірушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

**15-бап. Әскери полиция органдарының қызметіндегі
заңдылықтың сақталуын қадағалау**

Әскери полиция органдарының қызметіндегі заңдылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты әскери прокурорлар жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК